Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысының АКТІСІ

Шұбаркұдық кенті № 1 22 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша:
2022 жылдың 22 желтоқсан сағат жергілікті уақытпен 15:00де «Темір ауданының білім бөлімі» ММ Желтоқсан №5 мекен-жайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына сәйкестігі туралы мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия тексеру жүргізетіндігі жарияланып, өтініш құжаттары қаралды.

Қатысқандар-7, қатыспағаны-0

– конкурс комиссиясының төрағасы, білім бөлімі басшысы А.М.Усербаев;
–конкурс комиссиясының мүшесі, Темір аудандық мәслихат хатшысы Б.С.Шаимов;
–конкурс комиссиясының мүшесі, «Аманат» партиясы Темір аудандық филиалының атқарушы хатшысы А.Ж.Нұрғалиев;
–конкурс комиссиясының мүшесі, Темір аудандық «Жастар арасындағы дін істері орталығы» басшысы Н.Т.Семибаев;
–конкурс комиссиясының мүшесі, Темір ауданының «Атамекен» кәсіпкерлер филиалы директоры А.М.Мырзағали;
–конкурс комиссиясының мүшесі, аудандық білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Ж.Сабенова;
–конкурс комиссиясының мүшесі, «Балауса» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.М.Жанекешова;
–конкурс комиссиясының хатшысы, білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Г.Ермағанбетова.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурсқа қатысушы 15 бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі білім беру ұйымының ұсынған өтінішін қарау бойынша мониторниг жүргізу жөніндегі комиссиясының төрағасы, білім бөлімі басшысы отырысты ашты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы негізінде білім бөлімінің интернет сайтында конкурс талаптары және конкурс өткізілетіндігі туралы жарияланды.

Комиссиямен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының өтініш құжаттары ашылды, құжаттар нөмірленген, тігілген.
Құжаттар №381-бұйрықтың 14-тармағына сәйкес төмендегідей тізімде жинақталған:

Scanned by TapScanner

1)комиссия төрағасының атына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларын, дабыл түймешесін және дауыстық хабарландыруды орналастыру сызбасы;

3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;

4) Штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білімі туралы құжаттарының көшірмелері.

Сонымен қатар, №381 бұйрықтың 15-тармағында көрсетілген құжаттар «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz интернет ресурстарынан алынып сәйкестендірілді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына сәйкестігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымдарға баруды жүзеге асырып, мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамы **ШЕШТІ:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына барлық мектепке дейінгі ұйымдардың конкурстық өтініші мен ұсынылған құжаттары талапқа сай болуы, мектепке дейінгі ұйымдарға бару нәтижелерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізіміне енгізілсін:

1. «Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, мекен жайы: Темір қаласы,Сайын Балмұханов көшесі №27, 50 орын тапсырылып отыр.
2. «Гаухар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, мекен жайы: Темір қаласы,Ыбырай Алтынсарин көшесі №38, 50 орын тапсырылып отыр.
3. «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті,Асау Барақ көшесі №8, 140 орын тапсырылып отыр.
4. «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті,Жамбыл көшесі №124Д, 75 орын тапсырылып отыр.
5. «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті,Нұрпейіс Байғанин көшесі №11А, 50 орын тапсырылып отыр.
6. «Балақай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті,Жансен Кереев көшесі №30А, 75 орын тапсырылып отыр.
7. «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарқұдық ауылы,Новостройка көшесі №19А, 75 орын тапсырылып отыр.
8. «Ислам» балабақшасы ЖШС, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті, Абай көшесі №37 үй, 45 орын тапсырылып отыр.
9. «Дисней» бөбекжай-балабақшасы ЖШС, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті,Киреев №15В, 75 орын тапсырылып отыр.

Scanned by TapScanner

10. «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарқұдық кенті, Асау Барақ №12 А, 60 орын тапсырылып отыр.
11. «Балапан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Құмқұдық ауылы,Мектеп көшесі №6, 25 орын тапсырылып отыр.
12. «Ақбота бөбекжай-балабақшасы» мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Кеңқияқ ауылы,Қабылғазы Балуанов көшесі №11В, 140 орын тапсырылып отыр.
13. «Балдырған бөбекжай- балабақшасы» мемлекетік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, мекен жайы: Қопа ауылы,Мектеп көшесі №24, 50 орын тапсырылып отыр.
14. «Алақай бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Саркөл ауылы,Мектеп көшесі №34, 25 орын тапсырылып отыр.
15. «Еркем-ай» бөбекжай-балабақшасы» мемелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, мекен жайы: Шұбарши кенті,Аэродром көшесі №21Б, 140 орын тапсырылып отыр.

Дауыс бергендер:
«Қолдайды» - 7 (жеті дауыс);
«Қарсы» - 0 (жоқ);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысының актісі «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің интернет ресурсында орналастырылсын.

Комиссия төрағасы: **А.М.Усербаев**

Комиссия мүшелері: **Б.С.Шаимов**

А.Ж.Нұрғалиев

Н.Т.Семибаев

А.М.Мырзағали

Н.Ж.Сабенова

А.М.Жанекешова

Комиссия хатшысы: **Г.Ермағанбетова**

Scanned by TapScanner